Шу ауданының округтік және учаскелік сайлау комиссияларының бос орындарына сайлау өткізу туралы
Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының
ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі - Сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына сәйкес **Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихаты** Шу ауданының округтік және учаскелік сайлау комиссияларының бос орындарына сайлау өткізу туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссиясының бос орнына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және қалыптастырылушы комиссияларға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиялары **2026 жылғы 28 қыркүйектен 13 қазанға дейін** мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

1) белгіленген нысан бойынша сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы электрондық және қағаз форматтағы мәліметтер (№1 қосымша);

2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімі, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме;

3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісім беру туралы белгіленген нысан бойынша өтініштері(№2,3 қосымша).

Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтердің нысандары, сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы кандидаттардың өтініштері мәслихат сайтында орналастырылған.

Сайлау комиссиясының бос орнына ұсынылатын адам Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс.

Сайлау туралы Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағында көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі сол ұйымның қызметкерлері болмауға тиіс.

Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және

ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөр басылуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс.

Сайлау комиссияларының бос орындарына ұсыныстарды қабылдау **2026 жылғы 28 қыркүйектен 13 қазанға** дейін дүйсенбі - жұма күндері 09:00-18:30 сағат аралығында жүргізіледі, үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ге дейін.

Шу аудандық мәслихат

Шу аудандық мәслихаттың төрағасы–Абенов Жасұлан Әлкенұлы.

Мәслихаттың орналасқан жері: Төле би ауылы, Төле би көшесі, 274 үй.

Жауапты адам – Бұзаубаева Сымбат Несіпбайқызы, каб.№12, қалааралық телефон коды (872638), қызметтік телефоны 3-18-31, электрондық пошта мекен жайы shymaslihat@mail.ru

Шу ауданының округтік және учаскелік сайлау комиссияларындағы бос орындар:

№	Сайлау комиссия сының атауы, нөмірі	Сайлау комиссиясының мекен жайы			Бос орын
		Елді мекен	Көше	Үй	
1	2	3	4	5	6
1.	№1ОСК	Абай ауылы	М.Юсупова	№30	1
2.	№3ОСК	Төле би ауылы	У.Асатұлы	№57	2
3.	№4ОСК	Алға ауылы	Қарашаш	№44	1
4.	№5ОСК	Төле би ауылы	Ы.Алтынсарин	№1	1
5.	№7ОСК	Белбасар ауылы	Әзімбай	№27/1	1
6.	№8 ОСК	Төле би ауылы	Қарасу	№2	3
7.	№9 ОСК	Бәйдібек ауылы	Әшімбеков	№6	4
8.	№10 ОСК	Шу қаласы	Қ.Сәтпаев	№26	4

9.	№11 ОСК	Шу қаласы	С.Сейфуллин	№10/2б	2
10.	№13 ОСК	Шу қаласы	С.Сейфуллин	№121	3
11.	№15 ОСК	Көктөбе ауылы	Жамбыл	№74	3
12.	№16 ОСК	Төле би ауылы	Балуан Шолақ	№49а	4
13.	№17 ОСК	Шу қаласы	Өжет	№46	1
14.	№418УСК	Төле би ауылы	Балуан Шолақ	№49а	1
15.	№419УСК	Төле би ауылы	Асатұлы	№19/1	1
16.	№422	Төле би ауылы	Мәмбетаев	№10а	2
17.	№426	Жаңа Жол ауылы	И.Мамедгасанова	№76	1
18.	№428	Тасөткел ауылы	Мектеп	№13	1
19.	№431	Ақсу ауылы	Белеш	№2а	1
20.	№432	Жайсан ауылы	С.Шәкіров	№5	1
21.	№440	Бәйдібек ауылы	Т.Әшімбаев	№2	2
22.	№444	Далақайнар ауылы	Қосы батыр	№6	2
23.	№446	Шоқпар ауылы	С.Шәкіров	№43	1
24.	№450	Шу қаласы	Едіге	№2б	1
25.	№452	Шу қаласы	Айнакөл	№25	1
26.	№453	Шу қаласы	С.Сейфуллин	№2а	2
27.	№454	Шу қаласы	Қарасу	№2	2
28.	№455	Шу қаласы	С.Шәкіров	№3а	2
29.	№457	Шу қаласы	Ж.Түйебеков	№28	1
30.	№458	Шу қаласы	Арқалық	№7	2

Шу аудандық мәслихат